«EduTest»
Жауапкершілігі
Шектеулі
Серіктестігі

Товарищество с
Ограниченной
Ответственностью
«EduTest»

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, №4 шағын ауданы, №11,
Тел.:8 (727) 339 83 86

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС

«EduTest» компаниясы Қазақстанның білім беру нарығында 17 жылдан аса уақыт жұмыс істеп келе жатыр. Компания халықаралық және отандық стандарттар негізінде әзірленген заманауи әрі тиімді оқыту әдістерін қолдана отырып, сапалы білім беру қызметтерін ұсынады.

Компанияның мақсаты – инновациялық технологияларды пайдалана отырып білім беру саласының дамуына үлес қосу. Негізгі қызметі – оқу құралдары мен тест тапсырмаларын құрастыру; қашықтықтан білім беру арқылы оқушының оқу үлгерімінің мониторингін жасау және профориентациялық қызметтер беру.

Компанияның жасаған жұмыстары мен нәтижелері төмендегідей:

1. Әр пән бойынша жалпы 94 оқулық жыл сайын басылып шығарылады және 20 000 астам оқушы осы оқу құралдарымен білім алуда.
2. Жаңартылған бағдарламаға сәйкес 300 000 астам тест тапсырмалары құрастырылды және төмендегідей бағытта қолданылды:
   - 2.1. 4, 9, 11-сынып оқушыларына арналған «Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі» (ББЖМ/МОДО).
   - 2.2. 10, 11-сынып оқушыларына арналған Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық емтихандары (Мектептер, «Білім- Инновация» лицейлері).
   - 2.3. 4-11 сынып оқушыларына арналған тоқсандық қорытынды тесттер.
   - 2.4. Олимпиадалар (IQANAT, МЫҢ БАЛА).
   - 2.5. Дарынды мектептерге дайындық емтихандары (БИЛ, НЗМ, ФИЗ-МАТ);
   - 2.6. Университеттердің ішкі грант емтихандары (SDU «SPT», ALMAU, ЕТУ);
   - 2.7. Пән мұғалімдерінің білім деңгейін анықтау емтихандары (ТАТ);
3. Қашықтықтан білім беру платформасында барлық пәндер бойынша 5000 жуық видео сабақ; 40 000 жуық тест тапсырмалары мен видео шешімдері бар. 2019-2022 жылдары IQANAT ауыл мектептеріне арналған білім беру бағдарламасы бойынша оқушыларға қашықтықтан білім беру қызметі жасалды. 2022-2023 оқу жылында Жаңаөзен және Ақтау қалаларындағы 12 мектепке қашықтықтан білім беру қызметін ұсыну жалғасуда.
4. Компания жыл сайын IQANAT ауыл мектептеріне арналған білім беру бағдарламасы бойынша оқушыларға әр облыста семинар-тренингтер жүргізіп келеді. Ақтау, Шымкент, Тараз және Алматы қалаларының профориентолог мұғалімдеріне жетілдіру семинарлары жүргізілді. Тамыз айында Жаңаөзен қаласы профориентолог мұғалімдеріне 30 сағаттық курс жүргізілді.

«EDUCON» компаниясының тестолог мамандары Нидерландының CITO курсынан өтіп халықаралық сертификаттарын иеленген. Сонымен қатар Ұлыбританияның Cambridge Assessment тестология сертификаттары, Мәскеу СНТА дипломдары, т.б. бар.

Біздің коммерциялық ұсынысымыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021–2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын қолдау мақсатында **«EduTest»** компаниясы оқушылардың білімін арттыру үшін төмендегідей коммерциялық қызметтерді ұсынады:

Тест және мониторинг қызметі – оқушылардың дайындық деңгейі мен рейтингін, үлгерімі мен прогресін бағалауға арналған МОДО және тоқсандық тесттер. Тесттің қағаз және онлайн форматы бар. Әрбір тестілеуден кейін оқушыға, ата-анаға, мұғалімдерге, мектеп басшыларына, білім бөлімі басшыларына талдау нәтижесі ұсынылады:

- ✓ Жеке кабинетке 24/7 қолжетімділік
- ✓ Жалпы ұпайы, дұрыс жауап кілттері (қатемен жұмыс)
- ✓ Тақырып бойынша анализ
- ✓ Пән бойынша салыстырмалы диаграмма
- ✓ Оқушының мектеп, аудан, облыс бойынша рейтингі
- ✓ Мектеп, облыс, ауданның жалпы мониторингі
- ✓ Әрбір оқушының тақырыпты меңгеруі және үлгерімі бойынша ақпарат

Прайс лист

Қызмет атауы	Сыныбы	Мерзімі	Пакет бағасы
Тестілеу	**4-11 сыныптар**	**1 жыл**	**650 000 теңге (бір мектеп үшін)**

«EduTest» компаниясының директоры
Ташбаев Азизжан